

## Дамуға ресми көмектің жобалық ұсынысының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 11-1-2/43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 наурызда № 10430 тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 111) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған дамуға ресми көмектің жобалық ұсынысының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Сыртқы экономикалық саясат департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін, оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Бірінші орынбасары Р.С. Жошыбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Министр

Е. Ыдырысов

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрінің  
2015 жылғы 06 ақпандағы  
№ 11-1-2/43 бұйрығымен  
бекітілген  
нысан

## Дамуға ресми көмектің жобалық ұсынысының нысаны

**Ескерту. Нысанға орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Сыртқы істер министрінің 16.06.2026 № 11-1-4/328 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

| №  | Көрсетілуі тиіс мәліметтер тізімі                    | Мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы |
|----|------------------------------------------------------|-------------------------------------------|
| 1. | Дамуға ресми көмек (бұдан әрі – ДРК) жобасының атауы |                                           |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                        |  |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 2.  | Мемлекеттік органның, ДРК жобалық ұсынысын әзірлеушінің атауы (мекенжай, телефон, факс, электрондық пошта)                                                                                                                                             |  |
| 3.  | Әріптес ел                                                                                                                                                                                                                                             |  |
| 4.  | Әріптес донор (жобаға қатысу нысаны, ДРК саласындағы тәжірибесі туралы ақпарат пен байланыс деректері (мекенжай, телефон, факс, электрондық пошта, байланысушы адам)                                                                                   |  |
| 5.  | ДРК жобалық ұсынысын іске асыруға қатысу үшін ұсынылған Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы (жобаға қатысу нысаны, ДРК саласындағы тәжірибесі туралы ақпарат пен байланыс деректері (мекенжай, телефон, факс, электрондық пошта, байланысушы адам) |  |
| 6.  | Сыртқы әріптес (мекенжай, телефон, факс, электрондық пошта, байланысушы адам)                                                                                                                                                                          |  |
| 7.  | ДРК мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін бағытталған ДРК жобалық ұсынысы                                                                                                                                                                       |  |
| 8.  | ДРК жобалық ұсынысының секторалдық бағыты                                                                                                                                                                                                              |  |
| 9.  | ДРК жобасын іске асыру орындылығының негіздемесі және ДРК жобалық ұсынысын іске асырудың болжанған мерзімдері                                                                                                                                          |  |
| 10. | ДРК жобалық ұсынысын іске асыру шеңберінде жоспарланған іс-шаралар тізбесі мен ДРК жобасын іске асыру нысаны                                                                                                                                           |  |
| 11. | Тиімділік (әлеуметтік, қаржылық-экономикалық, құқықтық, өзге де ықтимал тиімділік). ДРК жобалық ұсынысын іске асырудың болжанған нәтижелері                                                                                                            |  |
| 12. | Қажетті шығыстар (мың теңге) мен ДРК жобалық ұсынысын қаржыландыру көзі (жоба бюджетінің негіздемесі, жоспарланған әкімшілік, ұйымдастырушылық және пайдалану шығындары)                                                                               |  |
|     | ДРК жобалық ұсынысын іске асыру үшін халықаралық                                                                                                                                                                                                       |  |

|     |                                                |  |
|-----|------------------------------------------------|--|
| 13. | шарттарды жасасу қажеттілігі<br>туралы ақпарат |  |
|-----|------------------------------------------------|--|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК